

Е.І ҚОРҒАНЫ

Бір перделі пьеса
Қатынасушылар:
О р а з - еті тірі кедей
Ә б і ш - о да кедей, ел кегін қуушы
О к ы ғ а н жігіт
Б а й б е к - бай
Құрмаш-16-17 жасар кедей баласы
Д о м б а й - қазаншы қара малай
Көпжасар - кедей
Қорабай- ауыл жігіті
Қ а с е н - орташа, о да ауыл жігіті
Командир
Б и
Б о л ы с
1-бай
2-бай
1-ақсақал
2-ақсақал
1-әпесер
2-әпесер
1-салдат
2-салдат
3-салдат

Ақсақалдар, жастар, байлар, кедейлер, ауыл адамдары, солдаттар.

Бірінші көрініс

1-а қ с а қ а л (*еңкейіп, орта кездегі жуан байға қарап*) Бай жұмысының бетін білдініздер ме? Неге шақырған екен?

1-б а й (*тыржиып*). Біле алмадық. Тағы шы-

ғын жинайтын шығар. Қай бір жақсы хабарға жүр дейсіз?

2-б а й қоздайтын қойша ыңыранып, күшеіп қояды.

1-а қ с а қ а л (*даусын созыл*). Е-е, сүйтпей, тағы не қылар дейсін... Ей, жасаған алла-ай!.. Елді құртпаса не ғылсын?..

2-а қ с а қ а л (*биге қаран*). Би, сіздің ауыл да шығындап қалды деді ме?

Б и. Шығындады. Әйтеуір кісі амаң, мал мен мұкамбалды шауып кетті.

1-ақсақал Құдай сақтасын! Ел рәсуа болды ғой. Тск артының кайырын тілеген болмаса, қолдан келер түк жоқ.

2-ақсақал Бұл иттердің өзі неткеі көп! Соғысып қырылып жатса да, таусылар емес қой!

1-ақсақал Бұл көпір - екен жүрт! Қытайдан соңғы көп жүрт осы шығар. Кеше Шыңғысқа бой бермеген орыс емес пе?

2-ақсақал (*басын изеп*). Солай енді, солай!

Б и (*байға қаран*). Бұл келген кім екен? Қай ел екен?

1-б а и. Өзіміздің кіші жүз болса керек.

Би. Үлкен кісі ме екен?

2-1-б а й. Жас жігіт болса керек.

Би. Бұл жастар ел билеп не оңдырады?

1- а қ с а қ а л (*даусын созыл*). Не оңдырушы еді? Заманақырдың белгісі де. Жарықтық Мөнке би болжап кетті ғой.

Жас баладан биік болар,

Жас балшықтан үйің болар.

Ат жақсысы арбада болар,

Жігіт жақсысы саудада болар, -депті ғой

отерінде. *(Қасындағыларға)* Сол айтқанының бәрі келген жок па?

Бай, би, аксақал *(басын изеп)* Рас айтасыз, әулие гой олар.

Екінші көрініс

Милиционер *(қолында мылтығы бар, адыраңдап есіктен шыға келеді)* Ти-ші! *(Жұрт тымағын жөндеп киіп, қымтырылып, жөнделіп, басын көтерісті, есікке аңтарыла қарайды.)*

О қ ы ғ а н жігіт *(киім орысша, қасына бөлісты ертіп есіктен шығады).* Ассалау-мәле-е-йкүм!

Аксақалдар *(көздерінің қырымен қарап)* Уәлік сәлем.

О қ ы ғ а н *(үстел басына келип, түрекеліп тұрады. Сол жағынан екі қолып қамзолының қалтасына салып, жұртқа қарап айбаттанып, болыс келип тұрады.)* Е, қауым! Мәжілістеріңіз қайырлы болсын!

Аксақалдар. Аумин! Бірге болсын!

Төмегілер. Айтқаның келсін! *(Деп шу етеді)*

О қ ы ғ а н *(тамағын бір ұстап, кенеп алып бастайды)* Әлеумет, мен сіздерге гүбірнеден келип отырмын. Ел-елге жүріп айтпақ сөзім бар. Алғашқы көріп отырғаным сіздің ел. Енді сіздерге келген жұмысымды баяндайын.

Ж ү р т. Баяндаңыз, айтыңыз!

О қ ы ғ а н *(тамағын тағы бір кенеп)* Өздеріңіз де естіп жатқан шығарсыздар, кешегі қанішер жауыз Некалайды құлатқаннан кейін үкіметті «есерлер» қолына алған. Кешегі Керәіскни сол есер болатын. Ол есерлер бұл күнде құлады.

Төменгі біреу (*сөзін бөліп*). Есердің құлағаны жақсы. Естілері билесін!

Қасындағы біреу (*оны туртіп*). Қоя тұр, сөзді бөлмей!

О қ ы ғ а н. Енді үкіметті балшабек партиясы қолға алып отыр.

1-ақсақал Әлгі қызылымыз қайсы? Ағымыз қайсы?

О қ ы ғ а н (*ақсақалға қарап*). «Қызыл» деп сол балшабектерді айтамыз. «Ақ» деп патшашылдарды айтамыз. Осы күні Ресейді қызылдар билеп отыр. Қызылдар - төңкерісшіл партия. Бұлар жұмысшыларды қолдайды. Біз сияқты кемдікте, қорлықта жүрген ұлттарға теңдік береді. Бұлар өздеріңдей қара бұқараның, қара шаруаның, әсіресе, кедейдің қамқоры. Бұлар алдымен жарлыны, жалшыны жарылқамақ, елді соларға билетпек...

Ақсақал байлар (*теріс қарап*). Оңдырады екен.

Кедейлер (*мойнын созып, жаурынын қимылдатып*). Е-е-е...

О қ ы ғ а н (*тоқтамай сөйлей береді*). Қызылдар Ресейді түгел өздеріне қаратып алды. Сібірге қашқан ақтарды түре қуып, күн сайын үлкен қалаларды алып жатыр. Ақтың әскері еріген қардай тозып, жауынгер қызыл әскердің дүмпуіне шыдамай, қашып жатыр. Бірақ тек кетіп жатқан жоқ. Қазақтың кен даласын басып, жолындағы елді қырып-жойып, талап, бұлдіріп бара жатыр. Одан-бұдан қашқан-босқан ақтың әпесері, өңкей соғылғандарды ертіп алып, ел шауып, банды болып жүр. Өздеріңіз де көріп

Байтүрсындар, осы күнде мал-жанға иеміз деп айта аласыздар ма?

Б. и. Мылтығын кездеге тіреп тұрған соң, қайдан не боласың?

О қ ы ғ а н. Бұл қалыпта ел-ел болмайды, қазақ сықылды қарусыз, қамсыз, әлсіз ел, әскердің аяғы астында тапталып, жоғалып кетуге мүмкін.

І-б а й. Әлгі Алашордамыздың әскері қайда жүр? Алашордамыз бар ма?

О қ ы ғ а н. Алашорда азаматтары қашып кетті, әскері тарап кетті. Енді Алашордадан қайран жоқ.

І-б а й. Неге? Алашқа аптономия аламыз, өз алдымызға жұрт боламыз дейтін содар емес не еді? Өздерің қазаққа не пайда келтірмексіңдер?


О қ ы ғ а н. Біз де қазаққа аптономия алу жолындамыз. Бірақ біздің көздегіміз - байлардың аптономиясы емес, елді кедейге билететін аптономияны алмақпыз. Алашорданың басындағы, бұрын патшаға қызмет қылған төрелер, аксүйектер, ескі оқығандар болатын. Олар саясат білмеді, төңкерістің бағытын болжай алмады, олар адасты. Адасқандығын кейбіреулері жана білді, енді бізге қосылып жатқандары да бар. Ахмет Байтүрсыновты естулеріңіз бар шығар?

Ақсақалдар *(басын көтерін)*. Бар. О кісі қайда?

О қ ы ғ а н. О кісі қазақтың аптономиясын алуға Мәскеуге барды.

Ақсақалдар. Өй, жарықтық-ай!

О қ ы ғ а н. О кісі қазаққа пайдалы өкімет осы, балшабек өкіметі деп кеңес жұмысына араласты.



Ү л к е н д е р (таңдана). Сүйтті ме?

О қ ы ғ а н. Балшабек жолы қазаққа зиянды болса, Ахмет оларға қосылмас еді.

І-ақсақал Ой, балам, тоқтай тұр! Әлі байдың малын тартып алатын, екі еркекке бір қатын әперетін, намаз оқытпайтын, құдайды білмейтін, мешітке ат қамайтын балшабайың осы ма, ба-сқа ма?

О қ ы ғ а н. (аз кідіріп, маңдайын, бет аузын сипап). Ақсақал оның бәрі бекер, өсек сөз, бұл ақтардың елге жайып жүрген лақабы.

І-ақсақал Е, біз қайдан білейік? Қойның-дағы қатынына не қылмаса, оның қазаққа не пайдасы бар? Балшабайынның оқығанын әлі көзіміз көрген жоқ; жалғыз-жарым келгені қырып жібере жаздайды.

О қ ы ғ а н. Елге қатаң тиетіндері де бар шығар, жоқ деп айта алмаймын. Көптің ішінен не шықпайды? Аласапыран төңкеріс заманы, мұндайда лай судан балық аулайтындар да боялып, балшабек болып жүр. Оның бәрі бір күнде екшеп алып тастауға қол тимей жатыр. Ондай жолсыздық істейтін жергілікті балшабектер, тәртіпті қызыл әскер елге зәбірін тигізбейді.

А қ с а қ а л. Қайдан білейік? Бірінен-бірі өтеді, бізге сары орыстын бәрі орыс. Тәртіптісінің қайда жүргенін қайдан білейік? Бізге келгені әйтеуір қырып кете жаздайды. Әне, келіп қалды, міне келіп қалды!- деп, бір аяқ асымызды жөнділікпен ішуден қалдық...

О қ ы ғ а н. Бұл дәуір - төңкеріс, алай-түлей дәуір. Бұл дәуір өтеді, бұл қалыппен тұрмайды. Елге тәртіп, тыныштық орнайды. Оған дейін

қырғын-сүргіннен құтыла алмайсыздар. Сол тыныштық заманға тезірек жетуге қам қылу керек. Бүгінге шейін елдің мал-мүлкі талауда, адамы атылуда келе жатыр. Қазақ не онда, не мұнда жоқ, қосақ арасында бос кетіп отыр. Қайткенде шығыннан толас боласыздар? Мал-жанға қайтсеңіздер не боласыз? Басымызға келіп тұрған үлкен мәселе, зор ауыртпалық осы. Апаттан аздан болса да аман қалуға қандай лаж бар? Қауым бұған не айтасыздар?

Отырған жұрт (біріне-бірі қарап). Не айтайық? Біз не білеміз?

Оқыған (даусын көтеріп). Ал әлеумет! Алғанын ала берсін, қалғаны қалар деп, үйді-үйлеріңізде тыныш отыра бересіздер ме? Жоқ, сендер де жан екенңді, ел екенңді білдіріп, иршілік қылып, қызыл қарын сар баланың қамын етесіздер ме? Қарап отырып өлесіздер ғой? *(Жұртта үн жоқ, төмен қарап жер шұқи береді.)* Үлкен-кіші, көрі-жас - түгел отырсыздар. Қане, не айтасыздар? Қырыла, талана берген жақсы ма? Аман қалған жақсы ма?

Би (төмен қарап отырып). Әрине, аман қалған жақсы.

Тайбек бай. Бізге не қыл дейсіз? Тағы мал бер дейсіз бе? Не қыл дейсіз?

Оқыған. Мен мал сұрағалы келгем жоқ. Ел болып ұйымдассаныздар, жан сауға қылатын амал бар.

Бір кедей. Айтыңыз, қандай амал бар?

Оқыған. Әтірет болуға жігіт беріңіздер, біз қару-жарақ берейік, сүйтіп ел өзін-өзі қорғасын.

Ақсақалдар (сандарын соғып). Ойт деген!

Б а й л а р. Деген-аи!

О к ы ғ а н. Неге шошыдыңыздар? Солдат болып жүрген де өздеріңдей кісі. Қазақтың қару ұстағаны осы ма? Кеше Алашорданың әскеріне де ел жігіт бермеп пе еді?

1-аксақал (*жастарды нұсқап*). Мына бозбалалар боламыз десе болсын. Бірақ... әй білмеймін (*Басын шайқайды.*)

О к ы ғ а н. Кәж, жастар сөз сендерге қалды. Не айтасындар?

Жастар біріне-бірі карайды, үндемейді. Тек Әбіш пен Ораздың екі көзі оқыған азаматты тесіп барады; кипактап сөйлей алмай отыр.

О к ы ғ а н. Әтіретке жазылам дейтін ер жүректі жігіттер жоқ па? Қазақ бір заманда жауынгер жұрт емес пе еді? Қанында ерлік бар емес пе еді? Неден мұнша үнжырғаларын түсті? Үйде отырғанда аман қалатындарыңды қайдан білдіңдер? Талай адам тегіннен өліп кетіп жатқан жоқ па? Қолдарына қару алсаңдар, тым болмаса, армансыз өлесіңдер ғой! Кәж, кім жазылады?

1-аксақал. Бозбалалар, неге үндемейсіңдер? Жазылсаңдаршы, біз болсақ қартайдық. Мылтық алып жаумен соғыспақ тұрсын, таяғымызға сүйеніп, орнымыздан әрен тұрамыз. Жұмысқа төселген қарулы жігіттер, жазылыңдар.

1-6 а й. Е, қаруы бар жігіттер жазылсын дөні сау болса, баламызға жазыл деп айтар едік, басының сакинасы бар.

2-6 а й. Жазыл дегенмен бала тілді ала ма? Осы күні бала түгіл қатынға қатты сөйлеуден қалып барамын.

І-а қ с а қ а л Иә, камалып отыра бермей, жазылыңдар түгел! Замандарын осылай болды, қайтесіңдер? Өз маңдайыңнан көр. Біздің тұсымызда мұндай апатты көргеміз жоқ едік. Басына күн туған соң, өлмес қамдарыңды қыл!

О қ ы ғ а н. Әлеумет, мен осынша қақсадым. Мен өз қамдарыңызға бола келіп отырмын. Жазылмасаныздар, амал жоқ, қайта береміз. Бірақ күн бүгінгі, жыл биылғы емес, заман аумалы, төкпелі. Бастарына бұдан да ауыр күн тумасына кімнің көзі жетеді. Мұнша қорғалап, жан төгілік қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл ел болмайтын елдің мінезі. Түптеп келгенде, кім күшті, кім ұйымды, кім өжет болса, дүниеде сондай жұрттар ғана өмір сүреді. Қазақ, сықылды қорқақ, берекесіз, әлсіз ел - ел болып жасай алмайды. Бұл табиғаттың заңы... Естеріңде болсын.

Ә б і ш *(қоңыр пенжескті, кепе қалпақты, тышқан, қара сұр жетгіт ұшып түре келіп, үстел қасына келеді)*. Мен жазыламын. Бірге туғандай жолдасымды өлтірді, ағамды олімші қып кетті, ауылымды талады, енді аянар жаным жоқ. *(Ақсақал байларды көрсетіп)* Мынау отырған өншен шовжарлар, бірі баласын бергісі келмей отыр. Байлар жазылмай-ақ қойсын. Көрермін маңға не болғанын! Балшабек кедейдің партиясы екен ғой. Ендеше кедейлер жазылу керек, біз өз өкіметіміз үшін соғысамыз! *(Артына қарап, қолын сермен)*. Кел кедейлер, жазылыңдар! Артымызда дәулетіміз қалып бара жатқан жоқ бәрібір, бір-ақ өлім. Қолға қару алсақ, елді де қорғаймыз, мынау отырған жуандардан төндік

те аламыз. Бізге атты кім береді? Жолдас, соны айтыңыз!

О қыған. Сәндерге атты ел беру керек.

Әбіш. Ел бермесін, байлар берсін! Ел берсін десеніз, мына отырған байлар кедейлерге шығын қылып салады. Қолымызға мылтық беріңіз! Атты кімнен алуды өзіміз білеміз. Кәне, жазыңыз мені!

О қыған. Аты-жөнің кім болады?

Әбіш. Әбіш Қошімет баласы.

О қыған*(жазып алады)*. Отыра бер қарғым! Тағы кім жазылады?

Ораз*(дәмбең төртбақ, жар қабақ қара жігіт түре келеді)*.

Жалғыз атымды банды әкетті. Жаяу жүргенше, соғысып өлейің, жазыңыз!

О қыған. Аты-жөнің кім?

Ораз. Ораз Онбай баласы.

О қыған*(жазып алады)*. Тағы кім жазылады? *(Ешкім ундемейді)*.

Әбіш*(қасындағы жігіттерге)*. Неге бұғып отырсыңдар? Жазылыңдар, саламыз сайранды!

Құрмаш*(16-17 жасар кедей баласы, түрегеліп)*. Мені де жазыңыз!

О қыған. Атың кім?

Құрмаш. Құрмаш.

О қыған. Әкен аты?

Құрмаш. Тезекбай.

О қыған*(жазып алады)*. Тағы кім жазылады?

Домбай*(қазаншы қара малай)*. Мен.

О қыған. Атың кім?

Домбай. Домбай.

О қыған. Кім баласы?

Домбай. Түйебағар баласы.

О қыған. *(жазып алады)*. Тағы кім?

Көпжасар *(қу жақ, шуңірек көз, сар шұбар жігіт, ұрыға біткен пішіні бар)*. Мені де жазыңыз.

О қыған. Атың кім болады?

Көпжасар. Көпжасар Майтабан баласы.

О қыған *(жазып алады)*. Тағы кім жазылады? *(Дыбыс жоқ)*. Жазылатындарың жоқ па? *(Дыбыс жоқ)*.

Әбіш. Еті тірі кедейлер жазылды. Елге гүлға болатың, жаны аяулы мырзалар жазылад дейсіз бе?

О қыған. Енді жазылатын кісі жоқ па? Қапы қалып жүрмеңіздер! *(Жігіттер біріне-бірі қарасып, үндемейді)*. Жоқ болса, енді мәжілісті жабуға тура келеді. *(«Жоқ, жоқ» деген дауыс шығады)*. Ендеше болыс, сіз мынау жазылған бес жігітке бес байдан бес жақсы ат әперіп, ертең кешке қалаға жеткізесіз. Болыс. Күп болады. *(Көудесін қағады)*.

О қыған. Мәжіліс жабылды. Жазылған жігіттерден басқаларыңыз тарауға рұқсат. *(Жұрт орнынан тұра, топырлай жөнеледі. Оқыған, болыс, мелісенер, бес жігіт үйге кіреді)*.

Шымылдық 5 минут шамалы түсіріліп, қайта ашылады. Сахна аз өзгереді, Манағыдан гөрі кедейлеу үйдің есігі, үстел орындық жоқ. Босағада шылапшың, күман, түйенің жабуы тәрізді нәрселер жатса да жарайды.

Үшінші көрініс

Шымылдық. ашылғанда сахнада төрт кісі тұрады: О р а з - милиционер, мылтықты. Б а й б е к б а й - камшылы. Қ о р а б а й - кедей, ауыл жігіті.

Қ а с е н - орташа, о да ауыл жігіті.

Б а й б е к (*ашуланып, қолын сермеп, тепсіне сөйхиді*). Мәнен басқа бай құрып қап па? Өзгелерден неге мінбейсін?

О р а з (*саспай, жай сөйхиді*). Кезегі келгенде олардан да мініледі.

Б а й б е к. Табандатқан он бес күн міндін ғой? Енді өлтіресін ғой?

О р а з. Отағасы, сіз атты айтасыз, біз жанымызды неғып киып жүрміз? Мәнин жолдасым Әбіш ақтарға колға түсіп қалыпты деп естідім. Ол кім үшін түскенін білесін бе?

Б а й б е к. Кім үшін түсіпті?

О р а з (*нығызданып*). Сәндер үшін түсіп отыр.

Б а й б е к. Мені сақтамай-ақ қойсын.

О р а з. Сені емес, елді қорғап жүр. Сен ел емеспісін? Әбіш хабар бермесе, әнүгі банды бар жылқыңды айдап кетер еді, онда не қылар едің?

Б а й б е к (*атқа бір қарайды да*). Сөзді қойып, атымды бер!

О р а з (*теріс қарап*). Мен жаяу жүре алмадым.

Б а й б е к (*бажылдап*). Ана Мұса байлардан, Жакыптардан неге мінбейсін? Олардың жылқысы сенің шекене тар кеп тұр ма?

О р а з. Олардан мінбеймін.

Б а й б е к. Неге мінбейсін?

О р а з. Олар сендей кедейдің қызыл бұзауы-

нан байыған жоқ. Сен жайшылықта үйіңнен кісе бір тостаған саумал берсең бе?

Б а й б е к *(қаттырақ ашуланады)*. Өзін маған бола мелісе болып па ең? Не сөйлеп тұрсың? Малды саған бола жиып жүр екеміз ғой. Қой, бала, қалжыңдама! Атымды бер!

Қ а с е н. Ораз, үлкен кісімен ерегісіп кайтесің, саған ат табылмай ма?

О р а з. Маған беретін атың бар ма?

Қ а с е н. Қайдан атым болады? Елдегі бай мен бе екем? Бір айғырдың үйірін кімге жеткізейін?

Қ о р а б а й. Маған салсаң, берме атын? Ана жылы бір жарым бұт тарысына ски тайыншамды қуып алған. Мұның кедейге мұсылманшылығы жоқ адам, берме атын.

Б а й б е к *(адырайып Қорабайға қарай қалады)*. Үйбай, шіркі күл-ау! Сәнің мұнда не жұмысың бар? Иысық болсаң қашып кеткен қатынды тауып ал!

Қ о р а б а й. Маған қатын не керек? Қатын табылмай ма? Балшабайым келсе, сәнің тоқалың мәңкі.

Б а й б е к. Ондай оңер саған қайдан пайда болды? Мұрнына иесі келмес.

Ораз мырс етіп күлді.

Қ о р а б а й. Келе ме, келмей ме, кезінде көрерміз.

Б а й б е к. Саған сөз қалған жоқ, қыстырылма! *(Оразға)*. Шырағым, тәлкегің жетті, ақын болмаса атымды бер.

О р а з. Өзің шын айтып тұрмысың, бермеймін.

Б а й б е к. *(Омыраулап).* Қалай бермейсін менде не өтесін бар еді?

О р а з. Омыраулама! *(Мылтығын оқтанып).* Қалай аласың?

Б а й б е к *(мылтыққа жармасып).* Ой, өзін кісі өлтірейін деп пе ең?

Қ а с е н *(араға түсіп).* Қойыңдар, қойыңдар!

О р а з *(теріс айналып, мылтығының құлағын сартылдатып).* Атшы, кәне, құдай екенсін!

Төртінші көрініс

Б і р ж і г і т *(жүгіріп келіп).* Ойбай, банды келіп қалды!

Қ а с е н. Ойбай, ат қайда? Ат, ат! *(Тұра жүгіреді).*

Б а й б е к *(Оразға).* Бәлем, бересің бе? Дереу мен сені бандыға ұстап берем. *(Тұра ұмтылады.)*

О р а з *(Қорабайға).* Сенде ат бар ма? Мынаны қайттік?

Қ о р а б а й. Менін қолау байталым тұр.

О р а з. Мен соған міңейін, шақыр ана төбетті!

Қ о р а б а й *(айқайлап).* Әй, әй, бай - төбет! Ала бер атыңды!

О р а з *(мылтығын Қорабайға беріп).* Мынаның көзін жытыр! Мен бандыға кеттім. *(Жөнеледі).*

Қ о р а б а й. Өй, құтырдың ба?

О р а з *(кетіп бара жатып).* Үндеме бір іс қыламын!

Қ о р а б а й. Мынау жынды ма?

Б а й б е к *(келеді).* Анау қайда кетті?

Қ о р а б а й. Жұмысы бар білем.

Б а й б е к. Ер тоқымын қайтеді екен?

К о р а б а й. Сыпырып таста. *(Байбек жүгіріп кетеді)*. Бұл мылтықты қайда тықтым? Әлгі құтырған шығар... Тезектің астына тықсам ба екей? Уа, таптым. *(Тұра жүгіреді)*.

Шымылдық 3-4 минут түсіріліп,
қайта ашылады.

Бесінші көрініс

Есік алдына екі әпесер аяңдап келеді. Қастарында Ораз.

О р а з. Өтірік айтсам, құдай біледі, онбайын!
к а з а қ-о р ы с ә п е с е р. Қызылдар атымды алды дейсің ғой? Тағы не істеді?

О р а з. Әкемді өлтіріп кетті, ауылымды шауып кетті, өзімді өлімші қыл сабады.

к а з а қ-о р ы с *(басын шайқап, көзіне қадала қарап)*. Иттің баласы, сен бізді алдап тұрсың. Шыныңды айт, алаяқ.

О р а з. Құдайға рас, азырақ атқа мінетінім бар еді.

к а з а қ-о р ы с. Немәе, немәе?

О р а з. Азырақ ұрлық қылушы едім.

к а з а қ-о р ы с. Ә, ұрымысың?

О р а з. Оның мәнісі бар еді. Болыстың бір жақын адамының малын ұрлап, мәні ұстаймыз дегенін естіп, қашып шығып едім. Сіздерге еріп жаным қалмаса, ел піше сия алатын емеспін. Не қыл дегендеріңізді қандай жақсы білемін. Қызылдардың қайда жүргенін де біліп беремін.

2-ә п е с е р. Не дейді?

к а з а қ-о р ы с. Ұрлық қылып қашып жүр едім дейді.

2-о п е с е р. Ендеше, тіпті жақсы!

Екі әпесер орысша сөйлессе де жарайды.

Не дейді?- Что он говорит?

- Украл лошадь... и скрывается.

- Тогда совсем хорошо!

- Примем что ли?

- Примем. Он будет хороший разведчик.

Қ а з а қ - о р ы с. Аламыз ба?

2-о п е с е р. Алу керек. Бұл жақсы шолғыншы болады.

Қ а з а қ - о р ы с. Жарайды, біз сені кісі қылып алайық. На смотри, алдап жүрме! Онда басын бір-ак шабылады.

О р а з. Құдай сақтасын! Сіздерді алдап басым екеу дейсіз бе?

Қ а з а қ - о р ы с. Біз азырақ дем аламыз. Бізге қой сойғызып, тамақ даярлат!

Орыстар үйге кіреді. Мылтықтарын ішкі босағаға сүйеп қояды. Есік ашық тұрады. Ораз қой союға кетеді.

Алтыншы көрініс

Бірінің артынан бірі бандының екі салдаты кіреді.

1-с а л д а т (*иығында мылтығы, жанында қылыш, қолында кішірек кілем*). Осыдан басқа жақсы нәрсе таба алмадым. Бәрін тығып қойыпты.

2-с а л д а т (*О да қару-жарақты, қолында білезік сақина*). Мынау біздің катынға қандай тарту! Мұнда қанша алтын-күміс бар?

1-с а л д а т. Сен мұны қайдан таптың?

2-с а л д а т. Найзамен бір сандықтың аузына сұғып, көтеріп қалып едім, ішінен сау ете түсті.

1-с а л д а т. Мен де айнап едім, мұндай нәрсе табылмайды, жип пе, арқан ба? Шорт-мазарат... Сәт катын көрдің бе?

2-с а л д а т. Екі кемпір көрдім. Одан басқа ойел жок. Қашып кетті-ау бұлар.

Жетінші көрініс

Тағы бір салдат келеді.

3-салдат *(қолында құран)*. Не сөйлесіп тұрсыңдар?

1-с а л д а т. Сәт катын таптың ба?

3-с а л д а т. Таптым.

1-2 с а л д а т. Рас па?

3-с а л д а т. Құдай біледі, таптым?

1-с а л д а т. Мынауың не? *(Кітапты түртеді.)*

3-с а л д а т. Бұл - құран. Бір кемпірдің жылағын тартып алдым.

1-с а л д а т. Мұны қайтесің?

3-с а л д а т. Шылым қып тартамын.

1-2-с а л д а т. Қатынды қайдан таптың?

3-с а л д а т. Не деген айлагер. Тезектің астына тығылып жатыр екен.

1-2-с а л д а т. Жас па?

3-с а л д а т. Жас.

1-2-с а л д а т. Жақсы ма?

3-с а л д а т. Жарайтын катын.

1-с а л д а т. Ойда, жүр, бізге көрсет!

Сегізінші көрініс

Ораз келеді.

1-с а л д а т. Сәт бізге кісі болдың ба?

О р а з *(қолындағы нәрселеріне қарап)*. Болдым.

1-с а л д а т. Сәт мына нәрселерді қарап тұрасың

О р а з (кілемді нұсқап). Мұның не керегі бар?

1-с а л д а т. Атқа тоқым болады.

О р а з (кітапқа қарап). Мынау не?

3-с а л д а т. Бұл шылым қылуға...

О р а з (құранды ашып көріп, басын шайқап).
Обал емес пе?

3-с а л д а т. Какой Шорт обал? Пажалыста,
сен бізге үйретпе!

(Ораз үндемейді.).

1-с а л д а т. Мыналарды байқай тұр. Біз анда
барып келеміз. (Жүре бастайды.)

О р а з. Қайда барасыңдар?

2-с а л д а т. Маржа, маржа...

О р а з (үндемейді. Олар ұзаған соң қабағын
шытынады, тістенеді, күрсінеді). Әй, қорлық-
ай! Ақ некелі әйел сүндетсіздерге рәсуа болды-
ау!.. Жарықтық құран дәретсіз қолға түсті-ау!
Шошка етін жейтін арам ауызда шылым болып
тартылды-ау!.. Таланып жатқан мүлікті не
қылайын?!.. Япыр-ай! Бұл қалай болды?!..
Арамдалмаған, аяққа басылмаған не қалды?
Мынаны көре тұра, дәтің қалай шыдар? Жүрегін
қайтып пайыз табар? Бірақ кішкене шыдау ке-
рек: жалғыз менің қолымнан не келеді? Қой, әзір
сыр білдірмейін! Бір есебі табылар... (Сазарып,
қабағы түсіп, бір-екі минуттай тұрады.)

Әйел даусы (алыстан). Ойбай-ай! Жасаған-
ай!.. Құдай-ай.. мені неге алмадың?! (Деп біресе
шырылдап, біресе аузы басылып, тұншыққан
дауыс естіледі.)

О р а з (елең етіп, құлақ қояды). Ой, адамның
күйка тамырын шымырлатты ғой!..

Дауыс. Ораз-ау!.. Ағажан-ау!.. Өлтірді-ау!..
Келесіш!..

О р а з (бет-аузы тыржиып, тісі ырсиып, құшырланып, малға шабаатын қасқырша, кунти-ып, оңтайланады). Қайтсем екен?.. Қайтсем екен?.. Қарындасым, бауырым! Жап даусың оңманымыз өтті-ау! Не бар еді?.. Қой, не де болса көрейші!.. (Түсін бұзып, қалтыраған буынын бекітіп, жайымен үйге кіреді. Әпесер жер ұйықтап жатыр. Ораз босағада сүйеуі тұрған мылтықты алып, әр жерін көреді, құлағын қайырыды. Сол кезде.)

Қ а з а қ-о р ы с ә п е с е р (басын көтеріп алып) Алма мылтықты! (Деп ақырады).

О р а з. Алса несі бар? (Деп мылтықты атуға оңтайлап, ұстай бастайды.)

Қ а з а қ-о р ы с. Тапта мылтықты! Атылып кетеді! (Деп көтерік бергенде, Ораз басын салады. Қазақ-орыс құлайды. Қалған біреу шошып оянып: што-што! деп тұрып-жығылып, қалбақтап жүргенде Ораз тағы атады. О да өкіре барып, жер құшады. Ораз дереу үйден шығады да, алақтап қарайды. Қараса, салдаттар шауып келе жатыр. Аттың дүбірі естіледі. Ораз үйге кіріп, босағада тұра қалып, екі-үш рет басып жібереді. Алыстан өкіріп жығылған адамдардың даусы естіледі. Ораз босағадан сығалап тұрады да, атып тысқа шығады). Атын ұста! Атын ұста! (Деп тұра ұмтылады.)

Шымылдық төрт минуттай жабылып, қайта ашылады. Сахна, бұрынғы есік алды. Жерде өлтірілген төрт банды қатар сұлап жатыр.

Тогызыншы көрініс ОРАЗ бен ӘБІШ

Екеуінің де қолында мылтық.

Ә б і ш (*қалпағы шекеде, екі езуі құлағында, қолды сермен, Оразды ыққа бір қағып сөйлейді*). Не дегенмен жарадың, сабазым! Сертімізге жеттік, кегімізді алдық. Әлгі біреуі құтылмағанда, тіпті оңды болатын еді. Атың жаман болды ма? Не ғып жете алмадың?

О р а з. Ұзап кетті, жалғыз өзім олай жүгіремін, бұлай жүгіремін. Ат ұстасуға біреуі шықсашы. Мылтық даусы шыққан соң, жым-жылас бәрі де ініне тығылып кетіпті.

Ә б і ш. Нысанаға ілінсе, бірдеме қылсаң керек еді, ілінбеді ме?

О р а з. Ілінбеді. Екі шақырымға таяу ұзап кетті. Ат үстінен атқан болдым. Не керек? Ал енді өзіндікін айтшы! Қалай құтылдың?

Ә б і ш (*күлімсіреп, қолын сермен*). Қапысын тапқан соң, құтылмай тұра ма? Қазақ ауылына келсе, қойға шапқан қасқырдай есі шығып, ұмтылатын бұл иттердің әдеті емес пе? Бәрі жабырласып, үйді-үйге кезіп, жасау іздеп жүргенде, жаушы-жалам бір атқа міне сала, өзекті өрлей жытқаным ғой. Қуып берді. Бытырлатып атып келеді. Зәрем зәр түбіне кетті. Апақсапақ мезгіл еді. Ылдиға түскен соң көз жаздырып кеттім. Со күні түнімен жүріп, сұрастырып отырып, өзіміздің кісілерді тауып алдым. Әтіретті алып, іле қудық. Ертеңінде қас қарая Қарашығанакқа жаңа келіп, кірген жерде келіп басқанымыз ғой.

О р а з. Атысты ма? Қанша кісі екен?

Ә б і ш. Атыса алмады, есі шығып кетті. Он бес шақты кісі еді. Бес арба азық-түлігі, қару-жарағыман қолға түсті. Бізді көп екен деп ойлап қалса керек, үйткені қаланы қамап алып, түс-түстан оқтың астына ала бастап елік.

О р а з. Өзің таяқ жеген жоқсың ба?

Ә б і ш. Қолға түскенде ме?

О р а з. Иә

Ә б і ш. Жегенде қандай! Бұл иттер қыл бұрауды шекеден салады екен. Бас сүйегім сынып кетер ме екен деп едім. Сүмбеман жалаң аяқ табанға дүре сокқаны-ақ жанды көзге көрсетті-ау!

О р а з. Қолға түскенде мылтықсыз ба едің?

Ә б і ш. Мылтықты алам аулына тығып, киімді өзгертіп, тың-шы боп барған кісі емесің бе?

О р а з. О жерің ақыл болған екең!

Ә б і ш. Мылтығым болса, сөзге келе ме? Бірақ қалонтады ғой. *(Отыз жақты қолымен нұсқап.)* Әне, Шықты!

О р а з. Алдынан шығамыз ба? Күтеміз бе?

Ә б і ш *(далаға қарап тұрып)*. Таянсың, таяныңқырасын... Мұндағы кенті олар білген жок қой. Сәң мен бір мактап береің!

О р а з. Мактайтын онша не бар? Соті боп кеткем бір жұмыс қой! Жан күйген соң тәуекелге бел байлағандық та.

Ә б і ш. Сүйтсе де мынауың көзеіс ерлік қой!

О р а з. Сәң болсаң қайтер ең?

Ә б і ш. Ретіңе қарай көрер ең! Болмадым, не керек!

Оныншы көрініс

Қ о р а б а й. *(ентігіп, жүзіріп келеді).* Ана көрінген солар ғой?

Ә б і ш. Солар, солар...

Қ о р а б а й. Біз қайтеміз?

Ә б і ш. Даяр болдыңдар ма?

Қ о р а б а й. Даяр, даяр... Жалғыз-ак кызыл шүберегі түскір табылмай жатыр.

Ә б і ш. Қатындардын дамбалы болса да табыңдар!

Қ о р а б а й. Күргырлардын кай жөнді ыстаны бар дейсің?

Ә б і ш. Не де болса табыңдар!

Қ о р а б а й. Шыға береміз бе? Тосамыз ба?

Ә б і ш. Таяна бергенде сендер де осы жерге келесіңдер... Уай, олі ауыл атынан кім сөйлсіді?

Қ о р а б а й. Сөйлей алад деймісің? Өздерің бірдеме демесен, үрейі ұшып жүр...

Ә б і ш. Сен өзін сөйле!

Қ о р а б а й. Қой, ойбай! Түк білмеймін, ис сөйлсін? Болмайлы... сөйлсінсің? Аузына күдай иені салса,

Ә б і ш. Соны айт?

Қ о р а б а й. Міне, қызық!.. Таянып қаллы ғой, мен енді әкеле берейін.

Ә б і ш. Бар жылдам! *(Қорабай жүзіре жөнеледі. Сауылдап дүрс-дүрс еткен аяқтың тықыры, марш күйін гулеткен дуқабай аркестрдік даусы таянып келе жатқандай естіледі, таянап сайын, Әбіш пен Ораз елең қағып дамылсызданып, қару-жарағын, белбеуін түзеп, үйдің екі жағына кезек шығып қояды, жатқан өліктерге қарасып, ауыл жаққа қолдарын былғасып қояды.)*

Он бірінші көрініс

Қызыл жалау. Марш күйін екілдіре тартып, алдымен қызыл жалау көрнеді, оның артынан оркестр адамдары шығады, оркестр тынады.

Командир. *(Қызыл әтіретті бастап, «раз, раз, раз» деп командир келеді). Рәді строй! (Деп команды береді, сап тізлді.) Стой!*

Ауыл адамдары. Қорабай бағанға байлаған қызыл шүберегі бар, үш-төрт еркек, екі кемпір, төрт-бес балашағаны ертіп, сол жақтан келіп кіреді. Кемпірлердің қолында аякка, табаққа салған бауырсағы, тұзы болады.

Ә б і ш *(командирдің қасына келіп, честь беріп).* Командир жолдас, хабар естіртуге рұқсат сұраймын.

Командир. Сөйлеңіз!

Ә б і ш. Жолдастар! Қызыл әтіретке жазылып, қызмет істеп жүрген мынау тұрған Ораз дейтін жолдасымыз бүгін осы ауылда бандының екі әпесер, екі салдатын өлтіріпті. Өлген бандылар, мине, жатыр *(деп беті жабулы кісілерді ашады.)*

(Бәрі мойнын созып қарайды.)

Командир. Жолдастар, біздің төңкеріс жауларымызды өлтіріп, кеңес үкіметіне жанып қиған Ораз жолдасқа қызыл әскер атынан алғыс айтамын. Мұндай ердің еңбегін кеңес үкіметі бағалайды. Атын қызыл тақтайға жазады, мақтау береді деп сенемін. Жасасын жауынгер қызыл әскер! Жасасын төңкеріс ері Ораз жолдас! Ура!

Отряд. Ура! Ура! Ура!

Оркестр қошемет шолақ, күйін тартады.

Қ о р а б а й *(жатауын Қасенге ұстатып,*

алдына таман шығады). Қызылдар, жолдастар кедейді, нашарды жақтайды дегенге біз қатты қуанып, сіздерді құрметтем, алдарыға нанымызды, тұзымызды әкеп тұрмыз. Нан мен тұздан қадірлі тамақ жоқ, сіздерге тілеулестігіміздің белгісі осы. Қадамдарыңыз құтты болсын! Елге береке, тыныштық орнап, кедейдің көз жасын иіп, өмірлі, баянды болындар!

Командир. Жолдастар, біздің жауынгер қызыл әскер зор Октябрь төңкерісінің жемісін еңбекші елге жегізуге, ішкі, тысқы жауымен алысып, күн санап жеңіп келеді. Қызыл әскер тұрғанда, кеңес өкіметін ешбір жау ала алмайды. Езілген еңбекші елді, жалшыларды төндікке жеткізуге, тегістік тұрмысын орнатуға жанымызды құрбан етеміз. Бұл жолда талайымыз өлерміз, қырылармыз, бірақ біздің еңбегіміз өлмейді, біздің атымыз адам баласының тарихында алтын жазумен жазылып, мәңгі қалады. Комунес партиясы бастаған кеңес өкіметі - дүние жүзінде болмаған өкімет, бұл бар адам баласын сәулетті, бақытты тұрмысқа жеткізуге көш бастаған өкімет. Ұлтың, қаның, дінің, тілін басқа деп, жұрт біткенді ала-құла көрмейтін, кім қорлықта, зорлықта жүрсе, соның мұнын тындайтын, соның тілегін орындайтын өкімет. Бұрынғы мал есебінде жүрген ұлттардың бәріне өз алдына жұрт болуға, өз тілі мен білім-өнер үйренуге, өзін-өзі билеп, қатарға кіруге кеңес үкіметі ерік беріп отыр. Қазақ өз алдына ел болды, республикесі жарияланды.

Енді қазақ кедейлері күндерін туды, заман сендердікі, оқы, талпын, талаптан, ұйымдас,

сінбейсің, е, еді баһа, жуанға жеттібе! Үз сәндерлік, қорғалама, қорықпа! Қазак кеден ернің қызыл-дарға тіккестіңің білдірші, нан, тұын алып шыққаның бұл де қуанышқа қарсы аламыз, нан, тұды ақтаймыз деп серт береміз. Сіздермен бір кескенімдің белгісіне қызыл жауауы төжіметкіземіз. *(Жатау сикешің ауыл ба жа тауын сін ситеді.)* Жасасын камунес партиясы! Жасасын кеңес өкіметі!

Жасасын оның қызыл өскері! Жасасын казак аптанамиясы!

(Оркестр интернационал күйін тартады.)

Шымылдык

Ескерту. Бұл пьеса азамат соғысы кезінде ел ішінде болған оқиғалар алынып жазылды. Оқиға 20-жылдың аяғында Ескертеңде болған. Сахнада кінәуидің алды көрінсе, жарар еді, табылмаса, амал жоқ.

Жылыястарда адамдар саны 20 шақты болып, көбі сахнаның артында көрініпбей отырған сықылды отырғызылды. Сахнаның жарымына жақыны бөк тұрса да жаранды, оны сахнаның көлеміне қарап көру керек.

Ел казактарының киімі, сақал мұрты, қолдарында таяғы, қамшылары өздеріңкідемі болғаны жөн.

Бұл пьеса елде ойналса, өйтпесе қалалы жерде сахна қолайлы болса, бандылар, Орамдар, бай-бектер атымаң көрнішті тұрыс болар еді егересе. Байбектің Орамдан атқа таласқан жерінде, бандылардан бірдейіп шыққан жерлерінде ат бастанып артық емес.

Қызыл әтіреттің* алдынан нан, тұз алып шығатын ауыл адамдары кедейлер, орта шаруалар болғаны лайық. Пьеса ойналарда, шымылдық үш қайтара жабылып, аз кідіріп, қайта ашылатындығын, шымылдық түскенде шығып, тұрып кетпеуін ескертіп қою керек.

Оркестр мен қызыл әтірет адамдарының саны сахнаның ыңғайына, ойнаушылардың табылуына қарай болар.

Сахна. Орта кезде, әнтек оңға таман есік көрініп тұрсын, екі жақ ашық дала, алыстан көгерген аспан көрінсін, есік алдында оң босағада бір кішірек үстел, бір-екі орындық тұрсын.

Есік алдында ел қазақтары аулағырақ шегініп отырсын, көпшілігі сол жақта болсын, оң жақ ашығырақ тұрсын. Алдыңғы ретте келбетті екі зор ақсақал, оларға таяу жақсы киімді, жуан қарынды үш бай, оған тете орташа киімді би, ауылнай сықылдылар орын алсын. Төменгі жақта жаман тымақты, жалба киімді кедейлер, орыс, казак киімін араластыра киген мұғалімдер, жастар, жай жігіттер отырсын. Ақсақалдар жақ, есікке таяу отырғандар тамақ жейтіндей қатарланып, алқа қотан сала отырса да, төменгі жақтағылар ұйлығып, үйме-жүйме отырғаны жөн. Төменгі жақтағылар бастары еңкейіп, кейбіреулері күбірлеп, сөйлесіп, кейбіреулері насыбай атысып, жөтеліп, түкірініп отырғанда, ақсақалдар сақалдарын сипап, шалқайып, манызданып отырғаны жөн. Кейбіреулер төмен қарап, кейбіреулер ақсақал, байлардың аузына қарап, сөз тындағаны жөн.

Жазушы

Қызыл әскердің деген сөз

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdftools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>